

**«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері
бойынша қорытындыларды еңбек ұжымымен жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2025 жылғы 17 наурыз

Төраға: директор А. Могилевский

Қатысқандар: Кәсіпорынның қызметкерлері

Хатшы: Г.Е. Сулейменова

Өткізу орны: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 45А мекенжайында орналасқан «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығының «Сарыарқа» велотрегінің мәжіліс залы.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша әзірленген талдамалық анықтаманы қарау.

2. Талқылау қорытындылары бойынша Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және олардың туындауына жол бермеуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында алдын ала жарияланған хабарламаға сәйкес, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116-тармағын орындау мақсатында, Кәсіпорын директорының 2025 жылғы 7 ақпандағы №40 бұйрығы негізінде Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау кезеңі: 2025 жылғы 14 ақпаннан бастап 2025 жылғы 10 наурызға дейін. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының

құрамы: Г.У. Бекпаева, С.С. Жарылгасов, О.М. Сулейменов, А.Ж. Саназар, Л.В. Панченко.

Осы талдамалық анықтаманы жария талқылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың талаптарына сәйкес өткізілуде.

Қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуын анықтау;

2) Қағидалардың 13-тармағында көзделген мәселелер шеңберінде Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ішкі талдау жүргізу барысында ақпарат көздері ретінде талдау объектісінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер, ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар, сондай-ақ талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері пайдаланылды.

Сонымен қатар, Қағидалардың 15-тармағының 4) және 10) тармақшаларына сәйкес бұрын жүргізілген мемлекеттік бақылау және қадағалау іс-шараларының нәтижелері, сондай-ақ бұрын өткізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары ақпарат көздері ретінде зерделенді.

Ішкі талдау нәтижесінде Кәсіпорын қызметін құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін жекелеген құқықтық актілерде «дискрециялық» сипаттағы нормалар мен өкілеттіктер анықталды. Аталған мәселелер бойынша жұмыс тобы тарапынан оларды жетілдіруге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша төмендетуге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді.

Тексеру материалдарында, есептер мен анықтамаларда көрсетілген бұзушылықтар мен ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің барлық жағдайлары бойынша ұсынымдар берілді. Аталған ұсынымдар Қағидалардың 3-тарауына сәйкес Кәсіпорында жүзеге асырылатын құқықтық мониторинг барысында ескерілуге, сондай-ақ анықталған тәуекелдерді жою және олардың қайталануына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде қолданылуға тиіс.

Жария талқылау барысында қатысушылар тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша әзірленген талдамалық анықтамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жоқ.

Таныстырылды:

Төраға



А. Могилевский